

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2023-2024 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекет перспективалық жоспары.

Білім беру ұйымы: «Ер Төстік» бөбекжай-бақшасы

Топ: «Күн шуақ» ересек тобы

Балалардың жасы- 4 жастағы балалар

Жоспар қай кезеңге жасалды-2023 жыл, қыркүйек

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту.</p> <p>Сөздік қор. Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту: тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну, заттардың атауларын, олардың бөліктері мен бөлшектерін, олар жасалған материалдарды, материалдардың белгілі және белгісіз қасиеттерін сөйлеуде қолдану.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір).</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.</p>
Көркем әдебиет	<p>Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу. тақпақтарды, санамақтарды, өлеңдерді мәнерлеп, жатқа айтады</p> <p>Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді жатқа айтуға, баулу.</p> <p>көркем шығармаларды эмоционалды қабылдайды; таныс ертегілер мен әңгімелердің мазмұнын қайталап айтады; әдеби кейіпкерлердің әрекеттерін бағалай алады; шығарма мазмұнын қайталап айтуда сюжет желісінің реттілігін сақтайды</p> <p>кітаптағы иллюстрацияларды өз бетінше қарап, ертегі, әңгіме құрастырады; дауыс күшін өзгерте отырып, әртүрлі интонацияларды жаңғыртады; әдеби кейіпкерлердің әрекеттеріне өз көзқарасын білдіреді;</p>
Математика негіздері	<p>Жиын. Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру.</p> <p>Сан, санау. 1ден 3 -ге дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау. 3 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарға ие;</p> <p>Шама. Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. шаманы салыстыруда үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданады;</p> <p>Геометриялық фигуралар. Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, төртбұрыш) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру арқылы зерттеу</p> <p>Кеңістікті бағдарлау. Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-</p>

	<p>артқа), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру</p> <p>Уақытты бағдарлау. Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, туралы ұғымдарын кеңейту. екі затты ұзындығы, ені, және биіктігі, жуандығы бойынша салыстырады; бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстырады;</p>
<p>Қоршаған ортамен таныстыру</p>	<p>Бала, оның отбасы, үй. Баланың «Мен» бейнесін қалыптастыру. Баланы өсіп, жетілген ересек бала ретінде қабылдау, оның ойын ашық білдіруге мүмкіндік беру, келісім білдіру, жеке басын құрметтеу. Отбасы туралы, отбасының ересек мүшелерінің еңбегі туралы білімдерін жетілдіру.</p> <p>Заттық әлем. Балаларды заттық әлеммен таныстыру және онымен әрекет жасау дағдыларын қалыптастыру. Адамдарға еңбектері үшін алғыс айтуға және еңбектің нәтижесіне құрмет көрсете білуге тәрбиелеу.</p> <p>Байланыс және қозғалыс құралдары. Қозғалыс ортасын ескере отырып, көлік құралдарын танып және атай білу дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Еңбекке баулу. Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің еңбегі, (қаламен ауылдың байланысы), диқанның еңбегі туралы білімді қалыптастыру.</p> <p>Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге, ренжіген балаға жанашырлық танытуға және ренжіткен баланың әрекеттерінің әділдігіне көз жеткізіп себебін анықтауға, әділ болған жағдайда әрекет еткен баланың әрекеттерін қолдауға, ренжіткені үшін құрдасынан кешірім сұрауға баулу</p> <p>Менің Отаным – Қазақстан. Отанымыз – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікті және мақтаныш сезімін ояту. Балаларды мемлекеттік мерекелерге қатысуға баулу. Мемлекеттік рәміздерге (ту, елтаңба, әнұран) құрметпен қарауға тәрбиелеу</p> <p>Жолда жүру ережелері. Көлік түрлері, туралы білімдерін қалыптастыру.</p> <p>Өлі табиғат құбылыстары мен заттары. Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр) кеңейту.</p> <p>Өсімдіктер әлемі. Өсімдіктер, оларға күтім жасау (жерді қопсыту, суару, жапырақтардың шаңын сүрту) туралы түсінікті дамыту. .</p> <p>Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормаларын меңгеруіне ықпал ету Қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелері туралы түсініктерді кеңейту. Қоғамдық көліктегі мінез-құлық мәдениеті дағдыларын қалыптастыру.</p>
<p>Сурет салу</p>	<p>Балалардың гүлдер мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту. Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өз бетінше жасауға ынталандыру (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру).</p> <p>Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау. Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу.</p> <p>Балаларды суреттерді қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояу.</p>

	<p>Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. жеке заттарды және сюжеттік композицияларды салады; қазақ халқының және басқа халықтардың өнер туындыларына, қызығушылық танытады; заттарды пішінін, түсін ескере отырып салады; қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктерді таниды;</p>
Мүсіндеу	<p>Ермексаз әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеу, әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеу. Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістеуге үйрету. Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау.</p> <p>мүсіндеуді қызығушылықпен орындайды; ермексаз, сазбалшық, пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндейді; мүсінделген заттың, бетін тегістейді</p>
Жапсыру	<p>Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту.</p> <p>Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. Түзу сызық бойымен қысқа жолақтарды қиюды үйрету. текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қияды, бұл тәсілді жемістерді, көгөністерді, гүлдерді қиюда қолдану. Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау. бірнеше бөліктерден тұратын заттарды орналастырады және желімдейді; қазақ оюларының бөліктерінен, өсімдік және геометриялық пішіндерден өрнектер жасайды, оларды кезектестіріп ретімен желімдейді. ұлттық ою-өрнекті қолданып, тұрмыстық заттарды, ыдыстарды безендіреді; ұжымдық жұмыстарды орындауға қатысады; заттарды дайын пішіндердің көмегімен және өз бетінше ойдан қиып жапсырады; жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтайды, жұмысты ұқыптылықпен орындайды;</p>
Құрастыру	<p>Құрылыс материалдарынан құрастыру</p> <p>Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру, құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок) және атау, оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау, өз бетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру, құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау. Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру. Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау.</p> <p>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру.</p> <p>Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар) заттардан құрастыру. Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру.</p> <p>Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелерін сақтау.</p>
Дене шынықтыру	<p>Дене шынықтыру</p> <p>Мақсаты: сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 сантиметр) жүру, сызықтардың бойымен жүру</p> <p>Жүгіру: аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп жүгіру, сапта бірбірден, шеңбер бойымен, жүгіру</p> <p>Дене шынықтыру</p> <p>Мақсаты: өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап</p> <p>Тепе-теңдікті сақтау: сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 сантиметр) жүру, сызықтардың бойымен жүру</p> <p>Дене шынықтыру</p>

	<p>Мақсаты: өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап Тепе-теңдікті сақтау: сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 сантиметр) жүру, сызықтардың бойымен жүру</p> <p>Дене шынықтыру Мақсаты: сызықтардың арасымен (арақашықтығы 15 сантиметр) жүру, сызықтардың бойымен жүру Жүгіру: аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп жүгіру, сапта бірбірден, шеңбер бойымен, жүгіру</p> <p>Дене шынықтыру Мақсаты: аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп жүгіру, сапта бірбірден, шеңбер бойымен, жүгіру Еңбектеу, өрмелеу: 10 метрге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша, көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектеу</p> <p>Дене шынықтыру Мақсаты: 10 метрге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша, көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектеу Секіру: бір орында тұрып, қос аяқпен секіру</p> <p>Дене шынықтыру Мақсаты: 10 метрге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша, көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектеу Секіру: бір орында тұрып, қос аяқпен секіру Лақтыру, домалату, қағып алу: заттардың арасымен доптарды, құрсауларды бір-біріне домалату</p> <p>Дене шынықтыру Мақсаты: : заттардың арасымен доптарды, құрсауларды бір-біріне домалату; Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру. Бір-бірден сапқа тұру</p> <p>Дене шынықтыру Мақсаты: үш дөңгелекті велосипед тебу; Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру. Бір-бірден сапқа тұру</p> <p>Дене шынықтыру Мақсаты: үш дөңгелекті велосипед тебу; оңға, солға бұрылу.</p> <p>Дене шынықтыру Мақсаты: екі дөңгелекті велосипед тебу;</p> <p>Дене шынықтыру Мақсаты: екі дөңгелекті велосипед тебу; оңға, солға бұрылу</p> <p>Дене шынықтыру Мақсаты: екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу; оңға, солға бұрылу</p>
Қазақ тілі	<p>Қазақ тілі «Отбасымен саяхат» Мақсаты: Артикуляциялық және дауыс аппаратын, сөйлеуде тыныс алуды, фонематикалық естуді, анық және қалыпты қарқынмен сөйлей білуді дамыту. Қазақ тіліне тән ө дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.</p> <p>Қазақ тілі Тақырыбы: Азық -түлік туралы жұмбақтар мен өлеңдер Мақсаты: Шағын өлеңдер жаттату, жұмбақтар шешкізу. Шығарманы жеткізуде оның мазмұны мен сипатына сәйкес түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, мәнерлеп айтуға баулу.</p> <p>Қазақ тілі Мақсаты: Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуге үйрету.</p> <p>Қазақ тілі Тақырыбы: Дыбыстық жаттығу Мақсаты: қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу.</p>
Музыка	<p>Музыка «Менің туыстарым» Мақсаты: Музыканы тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау).</p> <p>Музыка Д/О «Кел ойнайық» Мақсаты: Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру</p>

(музыка) <https://youtu.be/C2wSO2OfNf4>

Музыка

«Ас атасы-нан» Б.М.Жұмабекова

Мақсаты: Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану.

(музыка)

Музыка

«Кім алғыр»

Мақсаты: таныс шығармаларды тану,

әнді созып, сөздерін анық айту

Музыка

«Бақшадағы ән–сауық»

Мақсаты: Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану.

Музыка

«Ормандағы той»

Мақсаты: музыканы тыңдау мәдениетін сақтайды (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдайды); таныс шығармаларды тану, әнді созып, сөздерін анық айту

Музыка

«Жел әуені»

Мақсаты: Балаларды мәнгерлеп ән айтуға үйрету

Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру

Музыка

Д/О «Ормандағы той-думан»

Мақсаты: Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану.

Жоспар қай кезеңге жасалды-2023 жыл, қазан

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
<p>Сөйлеуді дамыту</p>	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру.</p> <p>Сөздік қор. Айналасындағы заттармен сөздік қорды кеңейту: тұрмыстық заттар және қоршаған орта заттарының қолданылу маңыздылығын түсіну, заттардың атауларын, олардың бөліктері мен бөлшектерін, олар жасалған материалдарды, материалдардың белгілі және белгісіз қасиеттерін сөйлеуде қолдану.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.</p> <p>Сөйлеу қарқынын өзгертуді бекіту: ақырын, жылдам сөйлеуді меңгерту үшін тақпақтар мен жаңылтпаштар айтқызу</p> <p>Сөздік қорды ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтыру.</p>
<p>Көркем әдебиет</p>	<p>Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу.</p> <p>Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу.</p> <p>сахналық қойылымдарға қатысады; образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын қолданады еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдайды; еркін ойындарда таныс кейіпкерлерді басқа қырынан көрсетуге тырысады; рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытады;</p>
<p>Математика негіздері</p>	<p>Жиын. Балаларға жиын, оның әртүрлі пішіндегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру</p> <p>Сан, санау. 1 ден 3-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету. 3 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру</p> <p>Шама. Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. Ұзындығы бойынша екі затты салыстыру, екі затты үстіне және қасына қою тәсілдерін қолданып, заттарды салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзын-қысқа сын есімдермен белгілеу.</p> <p>Геометриялық фигуралар. Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, төртбұрыш) ажыратады танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу</p> <p>Кеңістікті бағдарлау. Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру</p>

	<p>Уақытты бағдарлау. Тәулік бөліктері (таңертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері, туралы ұғымдарын кеңейту.</p>
<p>Қоршаған ортамен таныстыру</p>	<p>Бала, оның отбасы, үй. Отбасы туралы, отбасының ересек мүшелерінің еңбегі туралы білімдерін жетілдіру. Отбасындағы үлкендерді сыйлауға, құрмет көрсетуге, кішілерге қамқорлық жасауға баулу.</p> <p>Заттық әлем. Балаларды заттық әлеммен таныстыру және онымен әрекет жасау дағдыларын қалыптастыру. Жақын маңайдағы заттарды ажыратып, атай білуді жетілдіру. Адамдарға еңбектері үшін алғыс айтуға және еңбектің нәтижесіне құрмет көрсете білуге тәрбиелеу.</p> <p>Байланыс және қозғалыс құралдары. Қозғалыс ортасын ескере отырып, көлік құралдарын танып және атай білу дағдыларын қалыптастыру. Әртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратын адамдар туралы білімдерін жетілдіру.</p> <p>Еңбекке баулу. Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің еңбегі, (қаламен ауылдың байланысы), диқанның еңбегі туралы білімді қалыптастыру. Нанға және азықтүлік өнімдеріне ұқыпты қарауға тәрбиелеу.</p> <p>Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге, ренжіген балаға жанашырлық танытуға және ренжіткен баланың әрекеттерінің әділдігіне көз жеткізіп себебін анықтауға, әділ болған жағдайда әрекет еткен баланың әрекеттерін қолдауға, бірге, келісіп ойнауға, құрдастарының өтініші бойынша ойыншықтарымен бөлісуге, айналасында болып жатқан жағдайларды ой елегінен өткізіп, өзінің әділ пікірін білдіруге баулу.</p> <p>Менің Отаным – Қазақстан. Отанымыз – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікті және мақтаныш сезімін ояту. Балаларды мемлекеттік мерекелерге қатысуға баулу. Мемлекеттік рәміздерге (ту, елтаңба, әнұран) құрметпен қарауға тәрбиелеу.</p> <p>Жолда жүру ережелері. Көлік түрлері, жол бөліктері (тротуар, жолдың жүру бөлігі мен жаяу жүргіншілер өтетін жол және жерасты жолдары, велосипедке арналған жол), бағдаршам белгілері, жолда жүру ережелері туралы білімдерін қалыптастыру.</p> <p>Өлі табиғат құбылыстары мен заттары. Табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын (жел, жаңбыр, тұман) кеңейту. Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау (жел соғып, жапырақтар түсті), ойын, еңбек, эксперимент барысында құм, су қасиеттерін анықтау.</p> <p>Өсімдіктер әлемі. Бақылау, эксперимент және еңбек ету барысында өсімдіктердің тірі тіршілік иелері екендігін, өсімдік тұтастығының мәнін, олардың өсуі үшін жер, топырақ, су, күн, жарық, ылғал, жылудың қажеттілігін анықтау.</p> <p>Жануарлар әлемі. Жабайы аңдар, олардың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуі туралы ұғымдарын байыту. Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: күзде – көбелектердің, қоңыздардың, кейбір құстардың болмауы анықтау. Төрт түлік және оның төлдері (мінезіндегі ерекшеліктер, қозғалысы, қоректенуі, адамдарға пайдасы), оларға күтім жасаудағы ересектердің еңбегі туралы ұғымдарын кеңейту</p>
<p>Сурет салу</p>	<p>Қоршаған ортаның әсемдігіне, қазақ халқының және басқа халықтардың өнер туындыларына, киіз үйге, оның жабдықтарына, тұрмыстық заттарға, ойыншықтарға, сәндік-қолданбалы өнерге қызығушылықты дамыту. Дөңгелек, сопақ пішіндегі</p>

	<p>қазақ оюларының элементтерін: «құс қанаты», «қошқар мүйіз» суретін салу, элементтердің орналасу ретін, олардың арасындағы қашықтықты сақтау. Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу. Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояу. Қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізу.</p> <p>Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту.</p> <p>қазақ оюларының элементтерін салады, оларды қағаз бетінде дұрыс орналастырады;</p> <p>сурет салуда әртүрлі түстерді қолданады, көп түске назар аударады;</p>
Мүсіндеу	<p>Ермексаз әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеу, әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеу.</p> <p>Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістеуге үйрету. Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру, оларды мүсіндеуге баулу. Дайын мүсінді дөңгелек, сопақ, шаршы, үшбұрыш пішіндегі қазақ оюларының элементтерімен безендіру. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау. Бірнеше бөліктен тұратын заттарды пішіндейді, олардың орналасуын ескере отырып, пропорцияларды сақтай отырып, бөліктерді байланыстырады мүсіндеуде қысу, тарту, басу тәсілдерін қолданады; мүсіндеуде кескішті қолданады</p>
Жапсыру	<p>Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту. Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. Түзу сызық бойымен қысқа жолақтарды қиюды үйрету. Текшеден дөңгелек пішін қиып алуға, бұл тәсілді жемістерді, көгөністерді, гүлдерді қиюда қолдану. Қазақ халқының сәндік-қолданбалы өнерімен, киіз үй оның жабдықтарымен, сандық, кебежемен, қоржынмен таныстыру.</p> <p>Геометриялық пішіндерден, өсімдіктерден әзірленген ою-өрнектерді жолаққа бірізділігін ескере отырып, жапсыру дағдыларын қалыптастыру. заттарды дайын пішіндердің көмегімен және өз бетінше ойдан қиып жапсырады; жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтайды, жұмысты ұқыптылықпен орындайды. Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау.</p>
Құрастыру	<p>Құрылыс материалдарынан құрастыру</p> <p>Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру, құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок) және атау, оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау, өз бетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру, құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау. Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру. Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау. дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнайды; өз бетінше ойдан құрастырады</p> <p>Қағаздан құрастыру.</p> <p>Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, шиыршықтап, көлемді пішіндерге, орамдарға, ілмекке айналдыра білу</p> <p>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру.</p> <p>Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар) заттардан құрастыру. Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру.</p> <p>Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелерін сақтау.</p> <p>Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен (ертұрман, киіз</p>

	<p>үйдің жабдықтары, әшекей бұйымдары), таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу</p>
Дене шынықтыру	<p>Дене шынықтыру Мақсаты: өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға)</p> <p>Дене шынықтыру Мақсаты: өкшемен, аяқтың сыртқы қырымен, адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға) Тепе-теңдікті сақтау: гимнастикалық скамейканың бойымен жүру, қолды екі жаққа созып, басқа қапшық қойып, заттардан аттап өту, бұрылу</p> <p>Дене шынықтыру Мақсаты: Тепе-теңдікті сақтау: арқанның, бойымен жүру, қолды екі жаққа созып, басқа қапшық қойып, заттардан аттап өту, бұрылу</p> <p>Дене шынықтыру Мақсаты: гимнастикалық скамейканың бойымен жүру, қолды екі жаққа созып, басқа қапшық қойып, заттардан аттап өту, бұрылу Жүгіру: адымдап жүгіру, сапта бірбірден жүгіру;</p> <p>Дене шынықтыру Мақсаты: арқанның, бойымен жүру, қолды екі жаққа созып, басқа қапшық қойып, заттардан аттап өту, бұрылу Жүгіру: адымдап жүгіру, сапта бірбірден, шеңбер бойымен, жүгіру;</p> <p>Дене шынықтыру Мақсаты: гимнастикалық скамейканың бойымен жүру, қолды екі жаққа созып, басқа қапшық қойып, заттардан аттап өту, бұрылу</p> <p>Дене шынықтыру Мақсаты: 10 метрге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша, көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектеу; етпетімен жатып, гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып, алға қарай еңбектеу Жүгіру: адымдап жүгіру, сапта бірбірден, шеңбер бойымен, «жыланша» жүгіру</p> <p>Дене шынықтыру Мақсаты: 10 метрге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша, көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектеу; етпетімен жатып, гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып, алға қарай еңбектеу</p> <p>Дене шынықтыру Мақсаты: 10 метрге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша, көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектеу; етпетімен жатып, гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып, алға қарай еңбектеу Секіру: бір орында тұрып, қос аяқпен секіру, 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру</p> <p>Дене шынықтыру Мақсаты: заттардың арасымен доптарды, құрсауларды бір-біріне домалату; заттарды қашықтыққа лақтыру (3,5–6,5 метрден кем емес)</p> <p>Дене шынықтыру Мақсаты: Бір-бірден сапқа тұру Ырғақтық жаттығулар. Таныс, бұрын үйренген жаттығуларды және қимылдарды музыкамен сүйемелдеу арқылы орындау.</p>
Қазақ тілі	<p>Қазақ тілі «Кімге не береміз» Мақсаты: Қоршаған ортадағы заттар мен өсімдіктердің атауларын білдіретін сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру</p> <p>Қазақ тілі «Атам жайлауда» Мақсаты: Төрт түлікті бағатын адамдардың кәсіпшілік атауларын таныстыру: «қойшы», «жылқышы», аталған атаулардың олардың еңбегімен байланыстылығын түсіндіру</p> <p>Қазақ тілі «Кімнің суреті» Мақсаты: Туыстық қарым-қатынасты («сінлі», «жеңге», «жезде», «нағашы», «жиен», «бөле») білдіретін сөздерді үйрету. Өзінің отбасы туралы айтуға баулу.</p> <p>Қазақ тілі Тақырыбы: Азық -түлік туралы жұмбақтар мен өлеңдер Мақсаты: Шағын өлеңдер жаттату, жұмбақтар шешкізу. Шығарманы жеткізуде оның</p>

	мазмұны мен сипатына сәйкес түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, мәнерлеп айтуға б
Музыка	<p>Музыка «Жабайы аңдар биі» Мақсаты: Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру</p> <p>Музыка «Ауылда той» Мақсаты: Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптар-ды қолдану.</p> <p>Музыка Музыкалық аспап» Мақсаты: Асатаяқ , домбыра, қарапайым әуендерді ойнау. Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау.</p> <p>Музыка «Ауылдағы той» Мақсаты: таныс әндерді сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз орындау; әнді топпен бірге бастап, бірге аяқтау;</p> <p>Музыка «Жемістер жыры» Мақсаты: марш сипатын ырғақты жүрумен береді, музыканың қимылдық сипатын жеңіл, ырғақты жүгірумен береді;</p> <p>Музыка «Ас атасы-нан» Б.М.Жұмабекова Мақсаты: Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану. (музыка)</p> <p>Музыка «Мереке» Мақсаты: музыканың ырғағымен жүреді, қимылдарды музыкамен сәйкестендіреді, музыка-ның екінші бөлігінде қимылдарды өзгертеді</p> <p>Музыка Тақырыбы: Мерекелік шеру Мақсаты: Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау</p>

Жоспар қай кезеңге жасалды-2023 жыл, қараша

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
<p>Сөйлеуді дамыту</p>	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру.</p> <p>Сөздік қор. Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау. Сөздік қорды ересектердің мамандықтарын білдіретін зат есімдермен, еңбек әрекетін білдіретін етістіктермен толықтыру.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы. Сөйлемдегі сөздерді байланыстыруға, көмекші сөздерді дұрыс қолдануға үйрету, зат есімдерді жекеше және көпше түрде, сан есімдерді ретімен атауға, оларды зат есімдермен септіктерде, жекеше және көпше түрде, зат есімдерді сын есімдермен байланыстыруға, етістіктерді бұйрық райымен қолдана білуге үйрету (отыр, жүр, жүгір).</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу. Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу.</p>
<p>Көркем әдебиет</p>	<p>Балалардың түрлі әрекеттерінде ертегілерді, әңгімелерді, өлеңдерді тыңдауға, көркем сөзге, кітапқа қызығушылыққа баулу.</p> <p>Тыңдалған шығарманың мазмұнын қайталап айтуға, қысқа өлеңдерді, санамақтарды жатқа айтуға, шығарма мазмұны мен сипатына сәйкес тақпақтарды, өлеңдерді жаттауда түрлі интонацияларды, үзілістерді, логикалық екпінді қолданып, оларды есте сақтауға, шығарма мазмұнын дұрыс қабылдауға, кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға баулу.</p> <p>сахналық қойылымдарға қатысады; образды бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын қолданады еркін ойындарда таныс кейіпкерлердің образын өздігінен сомдайды; еркін ойындарда таныс кейіпкерлерді басқа қырынан көрсетуге тырысады; рөлді, сюжетті таңдауда бастамашылық пен дербестік танытады;</p>
<p>Математика негіздері</p>	<p>Жиын. Балаларға жиын, оның әртүрлі түстегі, пішіндегі заттардан тұратындығы туралы түсінік беру.</p> <p>Сан, санау. 1 ден 4-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту, реттік сан есімдерді атау, сандарды реті бойынша атауға «нешінші?» сұрағына жауап беруге және қорытынды санды атауға, «барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету. 4 көлемінде тура және кері санауға жаттықтыру.</p> <p>Шама. Заттар шамасы бойынша әртүрлі болатындығы жайлы түсінік беру. Ені бойынша екі затты салыстыру, екі затты үстіне және қасына қою</p>

	<p>тәсілдерін қолданып заттарды салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзын-қысқа, енді-енсіз сын есімдермен белгілеу. Бірнеше затты өсу және кему ретімен орналастырып, салыстыру.</p> <p>Геометриялық фигуралар.</p> <p>Балаларды геометриялық фигураларды (дөңгелек, үшбұрыш, төртбұрыш) танып, атай білуге үйрету, геометриялық пішіндерді көру және сипап сезу арқылы зерттеу</p> <p>Кеңістікті бағдарлау.</p> <p>Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтау, берілген бағытта қозғалу (алға-артқа, оңға-солға, жоғары-төмен), заттарды оң қолмен солдан оңға қарай орналастыру</p> <p>Уақытты бағдарлау.</p> <p>Тәулік бөліктері (танертең, күндіз, кеш, түн) олардың сипаттамалық ерекшеліктері мен реттіліктері туралы ұғымдарын кеңейту.</p> <p>Екі қатарда орналасқан заттар тобын салыстыруды үйрету, теңдік және теңсіздік туралы ұғымдарды қалыптастыру</p>
<p>Қоршаған ортамен таныстыру</p>	<p>Бала, оның отбасы, үй.</p> <p>Отбасы туралы, отбасының ересек мүшелерінің еңбегі туралы білімдерін жетілдіру. Отбасындағы үлкендерді сыйлауға, құрмет көрсетуге, кішілерге қамқорлық жасауға баулу.</p> <p>Заттық әлем.</p> <p>Қоршаған орта заттары, олардың қасиеттері және қолданылуы туралы түсініктерін кеңейту. Адамдарға еңбектері үшін алғыс айтуға және еңбектің нәтижесіне құрмет көрсете білуге тәрбиелеу.</p> <p>Байланыс және қозғалыс құралдары.</p> <p>Әртүрлі көлік құралдары мен оларды басқаратын адамдар туралы білімдерін жетілдіру. Көлікте жұмыс істейтін адамдарға сыйластық танытуға тәрбиелеу</p> <p>Еңбекке баулу.</p> <p>Ауыл шаруашылығы қызметкерлерінің еңбегі, (қаламен ауылдың байланысы), диканның еңбегі туралы білімді қалыптастыру. Нанға және азықтүлік өнімдеріне ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Өзгенің еңбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, ересектерге көмек көрсету ниеттерін қолдау.</p> <p>Адамгершілік және патриоттық тәрбие.</p> <p>Балаларды адамгершілікке, өзара көмек беруге, ренжіген балаға жанашырлық танытуға және ренжіткен баланың әрекеттерінің әділдігіне көз жеткізіп себебін анықтауға, әділ болған жағдайда әрекет еткен баланың әрекеттерін қолдауға, ренжіткені үшін құрдасынан кешірім сұрауға баулу</p> <p>Менің Отаным – Қазақстан.</p> <p>Отанымыз – Қазақстан Республикасына деген сүйіспеншілікті және мақтаныш сезімін ояту. Мемлекеттік рәміздерге (ту, елтаңба, әнұран) құрметпен қарауға тәрбиелеу. Отанды сүйуге, патриотизмге тәрбиелеу.</p> <p>Жолда жүру ережелері.</p> <p>Көлік түрлері, жол бөліктері (тротуар, жолдың жүру бөлігі мен жаяу жүргіншілер өтетін жол және жерасты жолдары, велосипедке арналған жол), бағдаршам белгілері, жолда жүру ережелері туралы білімдерін қалыптастыру. Бағдаршам түстерінің белгілеріне сәйкес көшеден өту дағдыларын жетілдіру. Жаяу жүргіншілерге арналған ережелер, «Жаяу жүргінші өткелі», «Қоғамдық көлік аялдамасы» жол белгілері туралы ұғымдарын кеңейту.</p> <p>Өлі табиғат құбылыстары мен заттары.</p> <p>Қарапайым себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және анықтау (жел соғып, жапырақтар түсті, ойын, еңбек, эксперимент барысында құм, су, тас, саздың қасиеттерін анықтау.</p> <p>Ауа райы мен климаттық жағдайлардың өзгеруін бақылау.</p> <p>Өсімдіктер әлемі.</p> <p>Бақылау, эксперимент және еңбек ету барысында өсімдіктердің тірі тіршілік</p>

	<p>иелері екендігін, өсімдік тұтастығының мәнін, олардың өсуі үшін жер, топырақ, су, күн, жарық, ылғал, жылудың қажеттілігін анықтау.</p> <p>Жануарлар әлемі. Төрт түлік және оның төлдері (мінезіндегі ерекшеліктер, қозғалысы, қоректенуі, адамдарға пайдасы), оларға күтім жасаудағы ересектердің еңбегі туралы ұғымдарын кеңейту.</p> <p>Жабайы аңдар, олардың сыртқы түрі, қозғалуы, тіршілік ету ортасы, азығы, қысқа бейімделуі туралы ұғымдарын байыту.</p> <p>Бақылау барысында жануарлар әлеміндегі маусымға тән көріністерді: күзде – көбелектердің, қоңыздардың, кейбір құстардың болмауы</p> <p>Балалардың жалпы қабылданған мінез-құлық ережелері мен нормаларын меңгеруіне ықпал ету</p> <p>Балаларда мінез-құлық мәдениеті мен сыпайы қарым-қатынас негіздерін қалыптастыруды жалғастыру; амандасу, қоштасудың қажеттігі туралы еске салу, ересектердің әңгімесіне араласпау, өз өтінішін сыпайы түрде білдіру, көрсеткен қызметі үшін алғыс айту. Қоғамдық орындардағы мінез-құлық ережелері туралы түсініктерді кеңейту. Қоғамдық көліктегі мінез-құлық мәдениеті дағдыларын қалыптастыру.</p>
<p>Сурет салу</p>	<p>Балалардың гүлдер, қоршаған заттар мен табиғат объектілерінің түстері мен реңктері туралы ұғымдарын байыту. Қоңыр, қызғылт сары, ашық жасыл реңктермен таныстыру және ол түстерді өз бетінше жасауға ынталандыру (қажетті түсті шығару үшін бояуларды араластыру).</p> <p>Сурет салуда әртүрлі түстерді қолдануға, көп түске назар аударуға деген ұмтылысты қолдау.</p> <p>Заттардың көлемі бойынша арақатынасын беруге үйрету: ағаш биік, бұта ағаштан аласа, гүл бұтадан аласа. Сурет салуда еңкеймей, арқаны тік ұстап, дұрыс еркін отыруға, жұмыс орнын таза ұстауға, ұқыпты болуға, қауіпсіздікті сақтауға баулу. Балаларды суреттерді қылқаламмен, қаламмен бояуға үйрету, заттарды бояуда сызбалар мен жақпаларды бір бағытта жоғарыдан төменге немесе солдан оңға пішіннің шеткі сызығынан шықпай ырғақты түрде бояу. Қылқаламды үстінен баса отырып, жуан сызықтарды ал қылқаламның ұшымен жіңішке сызықтарды жүргізу.</p> <p>Бейнелеу әрекетінен соң құтыларды, қылқаламдарды жуу, үстелді сүрту. қазақ оюларының элементтерін салады, оларды қағаз бетінде дұрыс орналастырады;</p> <p>сурет салуда әртүрлі түстерді қолданады, көп түске назар аударады; қазақ халқының және басқа халықтардың өнер туындыларына қызығушылық танытады; заттарды пішінін, түсін ескере отырып салады;</p>
<p>Мүсіндеу</p>	<p>Ермексаз пластикалық кесектерден әртүрлі тәсілдерді қолданып, бейнелерді мүсіндеу, әртүрлі пішіндегі таныс заттарды өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, заттардың толық пішіні пайда болғанға дейін немесе жайылған пішіннің жиектерін ию, жеке бөліктерді тұтас бөліктен созу, майда бөлшектерді қысу сияқты тәсілдермен мүсіндеу. Мүсінделген заттың, фигуралардың бетін тегістеуге үйрету. Мүсіндеуде қысу, тарту, басу әдістерін қолдану. Ертегілер тақырыптарына сюжеттік композициялар құру, ұжымдық жұмыстарды орындауда міндеттемелерді өзара бөлісу. Мүсіндеуде қауіпсіздік ережелерін сақтау. қазақ халқының тұрмыстық заттарын мүсіндеуге қызығушылық танытады; мүсіндейтін затты қолына алып, зерттейді оның өзіне тән ерекшеліктерін беруге тырысады;</p>
<p>Жапсыру</p>	<p>Жапсыру мен шығармашылық әрекетке қызығушылықты, шығармашылық қабілетті, қиялды дамыту. Қайшыны дұрыс ұстауды және пайдалана білуді қалыптастыру. Түзу сызық бойымен қысқа жолақтарды қиюды үйрету.. Текшеден дөңгелек пішін, тікбұрыштан бұрыштарын бүктеу арқылы сопақша пішіндерді қиып алуға, бұл тәсілді жемістерді, көгөністерді, гүлдерді, оюларды қиюда қолдану. Дайын пішіндерден құстар, гүлдердің пішінін қию</p>

	<p>және ол заттарды қағаз бетіне орналастыру дағдыларын қалыптастыру. Композицияны құрастыру кезінде заттар мен нысандардың көлемі бойынша арақатынасын ескеру. Ұсақ элементтерді ересектердің көмегімен желімдеу, алдымен қағаз бетінде заттың бейнелерін құрастырып, содан кейін оны желімдеу. Жапсыруда қауіпсіздік ережелерін сақтау, жұмысты ұқыптылықпен орындау.</p>
Құрастыру	<p>Құрылыс материалдарынан құрастыру Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыру, құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату (текше, пластина, кірпіш, блок) және атау, оларды сапасы, көлемі мен пішіні бойынша таңдау, өз бетінше ойдан құрастыруға мүмкіндік беру, құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындау. Дайын құрылыспен түрлі ойындар ойнауға ынталандыру. Құрылыс бөлшектеріне ұқыптылықпен қарау, ойнап болған соң оларды жинау және орнына қою, құрастыру барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау. Ұжымдық құрастыруға қызығушылықты ояту, құрылыс жобасын бірлесіп ойластыру, құрдастар арасында міндеттерді бөлісу, түрлі құрылымдық тәсілдерді қолдану, командамен бірге нәтижеге қол жеткізу, дайын құрылысты талдау.</p> <p>Қағаздан құрастыру. Қағаздан құрастыруға үйрету: қағаздың парағын ортасынан бүктеп, бұрыштарын және қырларын біріктіру, желімдеу, бөлшектерді өзара желімдеп, композиция құрастыру</p> <p>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру. Табиғи (мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері) және қалдық (қақпақтың түрлері, пластик, қораптар, кір қыстырғыштар) заттардан құрастыру. Табиғи материалдардан түрлі композиция жасауға ынталандыру. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып және құрастыратын материалдарды өз бетінше таңдап, ойдан құрастыруға мүмкіндік беру. Ұқыптылыққа тәрбиелеу. Қауіпсіздік ережелерін сақтау.</p>
Дене шынықтыру	<p>Дене шынықтыру Мақсаты: адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға), сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен алмастырып</p> <p>Дене шынықтыру Мақсаты: : адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға), сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен алмастырып Тепе-теңдікті сақтау: бөрененің бойымен жүру, қолды екі жаққа созып, басқа қапшық қойып, заттардан аттап өту, бұрылу</p> <p>Дене шынықтыру Мақсаты: бөрененің бойымен жүру, қолды екі жаққа созып, басқа қапшық қойып, заттардан аттап өту, бұрылу Жүгіру: сапта бірбірден, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру</p> <p>Дене шынықтыру Мақсаты: 10 метрге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша, көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектеу; етпетімен жатып, гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып, алға қарай еңбектеу</p> <p>Дене шынықтыру Мақсаты: 10 метрге дейінгі қашықтықта заттардың арасымен тура бағыт бойынша, көлбеу тақтай бойымен төрттағандап еңбектеу; етпетімен жатып, гимнастикалық скамейка бойымен қолдарымен тартылып, алға қарай еңбектеу Секіру: 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру, бір орында тұрып, оңға, солға бұрылып секіру</p> <p>Дене шынықтыру Мақсаты: 2–3 метр қашықтыққа алға ұмтылып қос аяқпен секіру, бір орында тұрып, оңға, солға бұрылып секіру Лақтыру, домалату, қағып алу: заттарды қашықтыққа лақтыру (3,5–6,5 метрден кем емес), оң және сол қолымен көлденең қойылған нысанаға (2–2,5 метр қашықтықтан), 1,5 метр қашықтықта тігінен қойылған (нысана ортасының биіктігі 1,5 метр)</p>

	<p>нысанаға лақтыру</p> <p>Дене шынықтыру Мақсаты: заттарды қашықтыққа лақтыру (3,5–6,5 метрден кем емес), оң және сол қолымен көлденең қойылған нысанаға (2–2,5 метр қашықтықтан), 1,5 метр қашықтықта тігінен қойылған (нысана ортасының биіктігі 1,5 метр) нысанаға лақтыру</p> <p>Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру. Бір-бірден сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа және шеңберге тұру.</p> <p>Дене шынықтыру Мақсаты: Бір-бірден сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа және шеңберге тұру. Спорттық жаттығулар.</p> <p>Велосипед тебу: екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу; оңға, солға бұрылу.</p> <p>Дене шынықтыру Мақсаты: Бір-бірден сапқа тұру, бір-бірінің жанына сапқа және шеңберге тұру. Спорттық жаттығулар.</p> <p>Велосипед тебу: екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу; оңға, солға бұрылу.</p> <p>Дене шынықтыру Мақсаты: екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу; оңға, солға бұрылу.</p> <p>Қимылды ойындар. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту.</p> <p>Дене шынықтыру Мақсаты: заттарды қашықтыққа лақтыру (3,5–6,5 метрден кем емес), оң және сол қолымен көлденең қойылған нысанаға (2–2,5 метр қашықтықтан), 1,5 метр қашықтықта тігінен қойылған (нысана ортасының биіктігі 1,5 метр) нысанаға лақтыру</p> <p>Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру. Бір-бірден сапқа тұру, бір-бірінің жа-нына сапқа және шеңберге тұру.</p> <p>Дене шынықтыру Мақсаты: екі немесе үш дөңгелекті велосипед тебу; оңға, солға бұрылу.</p> <p>Қимылды ойындар. Ойындарда физикалық қасиеттерді (жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік) дамыту.</p> <p>Дене шынықтыру Мақсаты: адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға), сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып</p> <p>Дене шынықтыру Мақсаты: адымдап, жан-жаққа қосалқы қадаммен (оңға және солға), сапта бір-бірден жүру, жүруді жүгірумен, секірумен алмастырып</p> <p>Тепе-теңдікті сақтау: гимнастикалық скамейканың, бөрененің бойымен жүру, қолды екі жаққа созып, басқа қапшық қойып, заттардан аттап өту, бұрылу; қырлы, көлбеу тақтай бойымен (ені 2 сантиметр, биіктігі 30-35 сантиметр) жүру</p> <p>Дене шынықтыру Мақсаты: гимнастикалық скамейканың, бөрененің бойымен жүру, қолды екі жаққа созып, басқа қапшық қойып, заттардан аттап өту, бұрылу; қырлы, көлбеу тақтай бойымен (ені 2 сантиметр, биіктігі 30-35 сантиметр) жүру</p>
<p>Қазақ тілі</p>	<p>Қазақ тілі «Мамандықтың бәрі жақсы» Мақсаты: Ұжымдық әңгімеге қатысуға, әңгімелесушінің сөзін бөлмей, кезекпен сөйлеуге, бейнелеу құралдарын қолдана отырып, еркін ойындарда және сахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізуге, сөйлесу барысында әңгімелесушінің назарын өзіне аудару үшін интонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолдануға, түрлі балалар әрекеттерінде өзінің және құрдастарының әрекетін түсіндіруге және дәлелдеуге баулу.</p> <p>Қазақ тілі Жаңылтпаш Мақсаты: қазақ тіліне тән ө, қ, ү, ұ, і, ғ дыбыстарын жеке, сөз ішінде анық айтуға баулу</p> <p>Қазақ тілі «Су қойма мекендеушілері» Мақсаты: сөздерді түсіну және атау дағдыларын қалыптастыру.</p>

	<p>Қазақ тілі «Отбасымен саяхат» Мақсаты: Туыстық қарым-қатынасты («сіңлі», «жеңге», «жезде», «нағашы», «жиен», «бөле») білдіретін сөздерді үйрету</p> <p>Қазақ тілі «Көлікпен қыдырамыз» Мақсаты: бейнелеу құралдарын қолдана отырып, сахналық қойылымдарда адамдар мен жануарлардың эмоционалды көңіл-күйін жеткізуге, интонациямен сөйлеу мәнерін өз бетінше қолдануға баулу</p>
Музыка	<p>Музыка «Менің көңіл-күйім» Мақсаты: Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде).</p> <p>Музыка «Көңілді балапандар» Мақсаты: Би қимылдарын, ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру, марш сипатын ырғақты жүріспен беру, музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру</p> <p>Музыка «Оркестр» Мақсаты: Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарының, билердің атауларын есте сақтау.</p> <p>Музыка «Би билейміз көңілді» Мақсаты: Әуеннің көңілді сипатын қабылдауға үйрету, музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарының</p> <p>Музыка «Сылдырлайды су» Мақсаты: Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айту-ды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде).</p> <p>Музыка «Отбасыма арнаймын» Мақсаты: ағаш қасықтар, сылдырмақтар, асатаяқ, сазсырнай, домбырада қарапайым әуен-дерді ойнайды</p> <p>Музыка «Әуенді саяхат» Мақсаты: қазақтың ұлттық аспабы домбыраны біледі, оның даусын таниды; әнді мәнерлеп, созып, қимылдармен үйлестіріп (ре-си бірінші октава шегінде) айтады;</p> <p>Музыка «Көңілді әуен» Мақсаты: музыканы тыңдау мәдениетін сақтайды (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдайды); таныс шығармаларды таниды, олардың мазмұны туралы айтады; тыңдалған музыкадан алған әсерлерімен бөліседі;</p> <p>Музыка «Көлікпен қыдырамыз» Мақсаты: Балаларды мәнерлеп ән айтуға үйрету, әнді созып, қимылдармен үйлестіріп айтуды қалыптастыру (ре-си бірінші октава шегінде). Қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту.</p> <p>Музыка «Ай-ай, тентек қысым-ай!» Мақсаты: Таныс әндерді орындауда балаларға арналған әртүрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану. асатаяқ, домбыра қарапайым әуендерді ойнау. Балалар музыкалық аспаптарын тану және атау.</p>

Жоспар қай кезеңге жасалды-2023 жыл, желтоқсан

Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
<p>Сөйлеуді дамыту</p>	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту, ызың және үнді (р, л) дыбыстарды анық айтуға жаттықтыру. Артикуляциялық аппаратты жетілдіру.</p> <p>Сөздік қор. Баланың сөздік қорын айналасындағы өзін қоршаған ортадан тыс заттар мен құбылыстардың атауларымен кеңейту, аталған заттардың қолданылу аясы туралы балалармен талқылау.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. Диалогтік сөйлеуді жетілдіру: әңгімеге қатысуға баулу, диалогке қатысушы үшін түсінікті сұрақтар қоюға және қойылған сұрақтарға дұрыс, толық жауап беруге баулу.</p> <p>Балаларды әңгіме айтуға үйрету: затты, суретті өз бетінше қарап, сипаттауға, түрлі балалар әрекеттерінде бейнелеген суреттері, бұйымдары бойынша әңгімелер құрастыруға, шығармалардың, ертегілердің қызықты үзінділерін қайталап айтуға, бейтаныс заттар, құбылыстар, оқиғалар туралы ақпаратты талқылауға баулу.</p> <p>Сөйлеуде күнделікті көп қолданылатын сын есімдерді, етістіктерді, есімдіктерді қолдану.</p> <p>Сөздік қорды заттар тобын білдіретін жалпылаушы сөздермен (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз),</p>
